


АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№37
(959)

Бейсенбі, 8 қыркүйек 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады



Күрбан Айт қабыл болсын!

Күрметті солтүстікқазақстандықтар!

Сіздерді қасиетті Күрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Мұсылмандардың ұлық мерекелерінің бірі Күрбан айт бағзы замандардан бері жоғары рухани құндылықтар – мейірімділіктің, рақымдылық пен ізгіліктің бейнесі іспеттес. Бүгіндері бұл діни мейрам бірлік пен өзара түсіністікке шақыратын бүкілхалықтық сипатқа ие болды.

Қазақстан этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтауда бай тәжірибе жинақтады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында біздің еліміз әлемге жалпыұлттық келісім мен қоғамды біріктірудің үлгісі ретінде танылды. Жыл сайын Астанада өтетін әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезді оған дәлел бола алады.

Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында Күрбан айтты атап өтуіміздің ерекше мәні бар. Себебі Тәуелсіздікке қол жеткізуіміз Қазақстан халқына ұлттық және діни мерекелерді тойлауға мүмкіндік берді.

Күрбан айт қазақстандықтардың рухани өміріндегі елеулі оқиға болып табылады. Дәл осы қасиетті уақытта адам жаны күнәдан тазаланады, адалдыққа, жақсылық жасауға ұмтылады деп саналған.

Бұл күндері мұқтаж жандарға қол ұшын беріп, ағайын-туыстар мен жақындарды аралап, марқұмдарға құран бағышталады.

Күрбан айт мейрамының жарқын идеялары алдағы уақытта біздің елімізде халықтардың топтасуына, бірлікті нығайтуға және тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесетініне сенімдімін.

Барша солтүстікқазақстандықтарға шын жүректен зор денсаулық, бейбітшілік, ізгілік пен амандық тілеймін!

Ерік СҰЛТАНОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Күрметті айыртаулықтар!

Ауданның барлық мұсылмандарын ұлы Күрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Күрбан айт – елдің бірлігін күшейтіп, халқымыздың бауырластығын арттырудағы рөлі зор ислам мейрамы. Біздің көпұлтты еліміз үшін Күрбан айт – игілік пен қайырымдылықтың, жомарттық пен ынтымақтастықтың жарқын көрінісі болып табылады.

Күрбан айт қазақстандықтардың асқан бай рухани мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады, әлемдегі ең бейбіт діндердің бірі - ислам бар шынайы жасампаздық пен рухани жаңғыртудың негіздерін өз бойына сіңірген.

Исламның нағыз құндылықтары бізге Тәуелсіздік алғаннан кейін қайтып оралды және халқымыздың рухани дамуында маңызды рөл атқарады.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылы ішінде Қазақстанда Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың сындарлы және дәйекті саясатының арқасында барлық этностар мен конфессиялар арасында татулық пен келісім орнаған, Қазақстанның бастамасымен үш жыл сайын еліміздің астанасында Әлемдік және дәстүрлі діндердің съездері өтеді, олар барлық конфессиялар үшін басты үнқатысу алаңына айналды.

Мемлекетімізде адамның құқықтары мен бостандықтарына, наным мен сенім еркіндігіне келіпдік беретін демократиялық қағидаттардың дамып, нығаюының арқасында еліміз тыныш, жұртымыз аман өмір сүріп жатыр. Еліміздің барлық саласында қарышты қадаммен алға басуы, өсіп-өркендеуі байқалады, рухани құндылықтарымыз еселене түсуде.

Осы орайда, ауданымызда да рухани және мәдени өрлеуге көптеген игілікті жұмыстар атқарылуда.

Күрметті жерлестер!

Барлық ізгі ұмтылыстарымыз бен армандарымыз жүзеге асып, бұл жарқын мереке әр үйге тыныштық пен қуаныш әкеліп, әр мұсылманның жүрегін ізгілік шуағына толтыра берсін!

Сіздерге зор денсаулық пен амандық, бақыт-береке тілеймін.

Қасиетті Күрбан айт мерекесі құтты болсын!

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Орақ – 2016

Аудан егінжайларында

Аудан бойынша биылғы орақ науқаны қызу жүруде.

Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің 7 қыркүйектегі мәліметі бойынша 217,5 мың гектар (71%) алқаптың дәнді-дақылдары орылып, 185 мың гектары (85%) дестеге түсірілді. Егіннің орташа шығымдылығы гектарына 18 центнерден айналууда.

Ал майлы дақылдардың 24 мың гектары (54%) орылып, 17,8 мың гектар (40%) алқаптың майлы дақылдары дестеге түсірілді. Орташа шығымдылығы гектарына - 9,5 центнерден айналууда.

Биылғы орақ науқанының көшбасында келе жатқан «Жарқын СК» ЖШС-і (55%), «Баянтай» ЖШС-і (60%), «Айыртау-Әліби» ЖШС-і (40%), «Кирилловка-Айыртау» ЖШС-рі (35%) алтын астықты қамбаға құйып алған.

Майлы дақылдарды да бастыруда да жоғарыдағы аталған серіктестіктер көш бастап келеді.



Марапат

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА ТОСҚАУЫЛ БОЛҒАН

Қыркүйектің 2 жұлдызында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының аймағында көктем мезгілінде табиғаттың тосын мінезі – су тасқыны кезінде бар мүмкіндігін сарп етіп, елді-мекен тұрғындарына барынша көмек беріп, олардың үй-жайлары мен төрт түліктерді су әкелген апаттан аман алып қалып, олардың қайтадан қалпына келулеріне жағдай жасаған аудан басшылығы Солтүстік Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Павел Филипповтың марапатына ие болды.

Ағымдағы жылы көктемгі су тасқыны кезінде облыс бойынша 500-ден аса тұрғын жай су алу қаупіне бой алдырса, маңызы бар 90 шақырым жолды су шайып кеткен. Сонымен қатар, 22 жер учаскесін де су басып қалған. Зиян келтірілген нысандарды қайта қалпына келтіру мен күрделі жөндеуден өткізу мақсатында бюджеттен қомақты қаражат бөлініп, орын алған су тасқыны салдарын жоюға бағытталған.

Көпшілікті өмірге салған көктемгі су тасқынының бетін қайтарып, үрейленген тұрғындардың бұрынғы бейқам тұрмысын қамтамасыз еткен аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетіне 20 жыл» мерекелік медалімен наградталды.



Аудан әкімінің орынбасары Аманбек Махметов, аудан әкімі аппаратының төтенше жағдайлар бойынша бөлімінің бас маманы Жұмабек Қапарғазин, ауданның білім бөлімінің басшысы Сайрамбек Жақыповтар Солтүстік Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаменті бастығының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суретті түсірген автор.

Жұмыс сапары

ОРАҚ НАУҚАНЫ ОЙДАҒЫДАЙ

Аудандағы астық алқаптарында орақ науқаны қарқын ала бастады. Өткен аптада аудан әкімі Ағзам Тастеміров Лобаново, Антоновка және Қамсақты ауылдық округтерінің егістік алқаптарында болып, астық жинау науқанымен танысқан болатын.



Диқан қауымының алдындағы басты мақсат – маңдай термен өсірілген астықты ысырапсыз жинап алу. Биылғы алқапқа себілген дәнді-дақылдар өсіп-өніп, мол астыққа көнелген аудан диқаншыларының көңілі көтеріңкі.



ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Айыртау ауданы 2000 жыл

№1. 1.01.2000 ж. «Мемлекет наградаларымен марапатталды». Президент Н.Ә. Назарбаевтың 1999 жылдың 4 желтоқсанындағы Жарлығымен Айыртау ауданының әкімі Армия Әбілқайыров «Парасат» орденімен марапатталды.

«Айыртау» агрофирмасының механизаторы Төлеген Батырбаев, «Әлжан» серіктестігінің механизаторы Жәнібек Ерубаев, «Тұмар-жер» серіктестігінің комбайншысы Николай Пудов осы Жарлық негізінде «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

№3. 4.02.2000 ж. «Халықаралық мойындау». Бұрынғы май, қазіргі «Сүт» акционерлік бірлестігінің атына Испаниядан жеделхат жолданған. Онда Мадрид қаласында өткен әлемнің 57 елінен келген іскер адамдар конференциясында аталмыш кәсіпорынға жоғары өнім сапасы үшін «Алтын Жұлдыз» берілгені хабарланған.

№11. 9.06.2000 ж. «Ақын жерлесіміздің кітабы шықты». «Көкше-Полиграфия» өндірістік бірлестігі аудандық «Айыртау таңы» газетінің тұңғыш редакторы, журналист, ақын, әнші, сазгер, жыршы Жұмабай Қабділмәжитұлы Есекеевтің «Айыртау арыстары» деген өте құнды, өміршең кітабын шығарды. Кітап қазақ тілінде, таралымы 40 дана.

№15. 11.08. 2000 ж. «Ақан сері көшесіндегі мереке». Аудан орталығы Саумалкөл ауылындағы ақын, сазгер Ақан сері атындағы көшенің мерекесі өткізілді. Таңертең сағат сегізден серінің сұлу әндері есімі одақ көлеміне танылған сазгер-әнші Қайрат Байбосыновтың орындауында шырылдады. Мерекелен аудан тұрғындарын А. Әбілқайыров, Ақан сері серіктестігінің директоры А. Наурызбеков, Ақан сері ауылының тұрғыны Ж. Раев, жер жөніндегі мемлекеттік аға инспектор Б. Исимбаев құттықтады.

№17. 8.09. 2000 ж. «Әкіммен шұрайлы кездесу». Ауданға жаңа оқу жылы қарсаңында 34 жас мұғалім келді. Оларды әкім қабылдады.

№18. 29.09.2000 ж. «Петропавлдағы жәрмеңке». Петропавлда Айыртау ауданының тұрақты жұмыс істейтін «Қызылжар» бөлшек сауда күні өткізілді. Бұған ауданның көптеген ауыл шаруашылығы құрылымдары, жекеменшік иелері, барлық

сәлопалық округтерінің мектептері белсене атсалысты. Жәрмеңкені облыс әкімі Қ. Нағманов аралап өтті.

№20. 20.10.2000 ж. «Жәпек батырға мүсін қойылды». Жарағаш ауылының ата жұртында Жәпек батырдың ескерткіш мүсінін ашу рәсімі салтанатты түрде өткізілді. Мерейлі мереке жиынын шаруа қожалығының директоры Кәдірбай Мәжитұлы ашып, хас батырдың өмірбаянына тоқталды.

№21. 10.11.2000 ж. «Аудан орталығында жаңа мұнай құбыры ашылды». Қазақстан Республикасының он жылдығы құрметіне еуропалық үлгімен салынған мұнай құбыры аудан орталығында пайдалануға берілді. Құбыр элеватормен іргелес қоныстанған. Құбырдың салтанатты ашылу рәсімі 25 қазан күні өткізілді. Аудан әкімі А. Әбілқайыров жиналғандарды республика күнімен және осынау маңызды нысанның іске қосылуымен құттықтады. Бұдан кейін аудан әкімі мұнай құбырының иесі, кәсіпкер А. Осипенкомен дәстүрлі тұсау лентасын қиды.

№22. 24.11.2000 ж. «Қуанышты хабар». Қазақ елінің нар тұлғалы азаматы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бәйкен Әшімов жайында Алматыдағы «Рауан» баспасынан жарық көрген кітап осылай аталады. Ардагер ағаның 80 жасқа толуына орай шығарылған бұл кітапта осы айтулы күнге байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың, басқа да мемлекет басшыларының құттықтаулары, жылы лебіздері берілген.

«Айыртау таңы» газеті. 2000 жыл

1 қыркүйек – Білім күні

СЫҢҒЫРЛА, АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ!

Жадыраған жаздың үш айы көзді ашып жұмеанша өте шық-ты. Қоңыр күздің алғаш-қы күні асқақ армандарын арқалап, мектеп табалдырығын аттағалы отырған балдыраандар мен жиган білімдерін тереңдете түсу үшін еліміздің барша оқушылары алтын ұя мектебіне оралды. Бұл күні таңертеңмен қолдарына шоқ-шоқ гүлдерін алып, мектепке асыққан кіп-кішкентай балапандарды көру үлкен бір қуаныш.

Қыркүйек айының бірінші жұлдызы күні Шалқар орта мектебі білім күнін ерекше үлкен дайындықпен қарсы алды.

Алғашқы қоңырау мерекесіне арнайы қатысқан аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров жиналғандарды жаңа оқу жылымен құттықтады.

– Дәп осы күннен бастап, алғашқы қоңырау үнімен бірге, әр адам өмірінде жеке тұлға және азамат ретінде қалыптасу кезеңі басталады.

Бұл күні біздің кішкентай 9 азаматымыз алғашқы рет Шалқар орта мектебі табалдырығын аттағалы тұр. Болашақ мектеп тұлғалары үшін бұл өздерінің өмір жолын таңдауда



ерекше маңызы бар шешуші жыл.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан - 2050» ұзақ мерзімді Стратегиясында білім беру жүйесі алдына сапалы білім үдерісін қалыптастырып, жан-жақты дамыған, жаңашылдыққа құштар оқушылар қауымын тәрбиелеу мақсатын қойды. Бұл мақсатта «Болашақ» бағдарламасы, 20 Назарбаев зияткерлік мектебі, Назарбаев Университеті бой түзеп, сапалы білім беруде.

Жас ұрпақтың мектеп қабырғасынан білім мен жарасымды тәрбие алып шығуына ауданымызда да барлық жағдайлар жасалып, мектептердің материалдық-техникалық базасы жыл сайын жақсара түсуде.

Барша ұстаздарға, оқушыларға зор шығармашылық

табыс, қуат пен үйлесімділік, барлық бастаған істеріңізге сәттілік және ең батыл жоспарларыңыздың жүзеге асуын тілеймін! – дей келе аталмыш мектепке музыкалық орталық сыйлады.

Сонымен қатар «Ключи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Мұрат Махметов мектеп оқушылары мен ұстаздарын және ата-аналарын Білім күнімен құттықтап, мектеп табалдырығын алғаш аттаған 9 оқушыға республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында мектепке қажетті оқу құралдары мен сөмкелерін тарту етті. Сондай-ақ «Юлия» шаруа қожалығының басшысы Александр Воронов та алғашқы қоңырау мерекесімен құттықтап, мектепке қажетті спорттық заттар сыйлады.

Мерекелік шараның ең маңызды сәті – алғашқы қоңырау соғу рәсімі жаңа ғана 11 сыныптың оқу үздігі Фролова Светланаға берілді.

Қайнар білім бастауы болар сәтті білдірген алғашқы қоңырау қазақ даласын өзіндік қоңыр күмбірімен көмкеріп өкетті. Қазақтың ақиқат ақыны М.Жұмабаев қазақ мектебі жөнінде «Әрбір елдің келешегі – мектебіне байланысты», – деген. Ендеше тарыдай болып кірген жас бүлдіршіндерге келешекте таудай азамат болып шығуына тілектеспіз!

Алғашқы қоңырау сыңғырлап, оқушылар жаңа оқу жылының «Мен – өз елімнің патриотымын!» тақырыбына арналған алғашқы сабақтарына кірді.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген автор.

11 қыркүйек – Отбасы күні

БЕРЕКЕЛІ ШАҢЫРАҚ

Елбасы Жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күні» болып жарияланды. «Отан отбасынан басталады» демекші, қазақ халқы қашанда отбасылық құндылықтарды жоғары қойған. Бүгінгідей жаһандану дәуірінде ұлттық келбетімізді сақтап қалу үшін ең алдымен отбасы құндылықтарына көңіл бөлуіміз керек. Отбасылық құндылықтардың ішінде тәрбие де, мәдениет те, әдеп те, салт пен дәстүр де бар. Отбасының іргетасы ер-азамат пен әйел адамның заңды некелерін қиып, отау тігуінен құралады.

Үстіміздегі жылдың маусым айында өткен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық кезеңінде Қарасай батыр ауылында тұратын Нашарбаевтар отбасы бірінші орынға ие болғаны белгілі.



Қаймағы бұзылмаған қазақ ауылынан шыққан Орақ Пазылұлы мен Гүлбаршын Ілиясқызы Нашарбаевтар 7 қыз, 3 ұлды дүниеге әкеліп, мәуелі бәйтеректей тамырын тереңге жайған бақытты отбасы.

10 баланың үлкені Сарбиназ ботбаев 52 жасқа келген ақ жаулықты ана болса, отбасының кенжесі Ұлан биыл 35-ке толыпты.

Ер азамат — отбасының тірегі, қорғаушысы, дамытушысы, жетілдірушісі, яғни шаңырақтың аман сақталуының кепілі, жауапты тұлғасы, діңгегі.

Әйел-ана — шаңырақтың құты, бағы мен берекесі, ұйытқысы, тірегі, тұрмыстың сәні мен салтанаты. Аналық пен адалдықты аялап, азаматының қадір-қасиетін бағалап, абырой-атағын асқақтататын да әйел адам. Яғни әйел — отбасымен бірге шаңырақтың түтінінің тұзу шығуына жауапты тұлға.

Отбасы Орақ Пазылұлы ұзақ жылдар бойы туған ауылында ауыл шаруашылығы саласында механикатор болып істеп, сол жылдардағы еңбегінің арқасында көптеген марапаттарға ие болған. Бүгінде жасы 78-ден асқан Орақ асқал Қарасай батыр ауылындағы жаңадан ашылған мешіттің имамы қызметін атқара жүріп, ауылдың және ауданның түрлі қоғамдық жұмыстарына да белсене қатысады.

10 баланы дүниеге әкелген Гүлбаршын әжей — «Батыр ана», «Алтын алқа» иегері.

50 жылдан астам уақыт аралығында бірге қол ұстасып, қандай қиындық болса да бірге жеңіп келе жатқан қос қарияның құмыры мен отбасы – көпке үлгі, ұрпақтарына өнеге.

Бүгінгі күні еке жолын қуып, анасының ақ батасын алып отырған Нашарбаевтар отбасының ұрпақтары еліміздің түкпір-түкпірінде сан түрлі салада абыройлы қызмет атқарып келеді. Олардың әрқайсысы ата-ана тәлімін ерекше үлгі тұтады. Көргені мен түйгені көп Орақ ата мен Гүлбаршын әже болашақ ұрпағының білімді, білікті, жан-жақты, жаңашыл болып өскенін қалады. Қариялардың осы тілектері орындалып, тамырын тереңге жайған ұрпақтары биік белестерді бағындыруда.

Бүгінгі күні 20 немере, 2 шөбере сүйіп, бейнәттің зейнетін көріп отырған бақытты жандар ұрпақтарының амандығын, ел-жұртының бақытты болуын тілейді.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суретте: тамырын тереңге жайған Нашарбаевтар әулеті.

12 қыркүйек – Құрбант айт мерекесі

ҚҰРБАН АЙТ-ҚҰТТЫ МЕРЕКЕ

Құрбандық шалудың үкімі. Қадірі асқан құрбан айтта құрбандыққа мал шалу, шамасы жеткендерге уәжіп. Бұл дегенің, негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болу. Нисап мөлшері - 85грамм алтын, яки соның құнына тең келетін ақша. Құрбан шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Пайғамбарымыз хадисінде бұл ақиқатты былай түсіндіреді: «Адам баласы құрбан айт күні (құрбан шалып) қан ағызудан да сүйікті басқа іспен Аллаһ Тағалаға жақындаған емес. Қаны ағызылған мал қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан жерге тамбай жатып Аллаһ Тағаланың құзырында үлкен мақамға жетеді. Сондықтан құрбандарыңды көңіл ризашылығымен шалыңдар».

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде: «Құрбандық-сәндердің Ибраһим (а.с.) бабаларының сүннietі, әрбір тал қылшығы үшін сауап аласыңдар». «Құрбандыққа малдың ең жақсысын, көзге жұғымдысын таңдаңдар, өйткені ол –Қыл көпірден өтердегі өз көліктерің» - делінген.

Құрбан Кәрімде: «Олардың (құрбан малдарының) еттері де, қандары да Аллаһ Тағалаға жетпейді. Бірақ оған сәндердің тақуалықтары ғана жетеді» - делінген. Бұл дегеніңіз, біздің Аллаһ Тағаланың әмірін, ләзбайы деп құлдық ұрып орындауымыздағы ықылас- ниетіміздің құдірет күшке жетіп, ризашылығына себеп болуы. Аллаһ тағалаға керегі құрбандықтың еті не қаны емес, құлының ниеті екенін жақсы білу.

Құрбан шалу - жүректі дүниеқұмарлықтан сараңдықтан аластатады. Аллаһты еске алу, Аллаһқа деген сүйіспеншіліктің белгісі, шаңырақты берекеге бөлейді, бәле-жаладан аластатады, адам өзінің діни міндетін орындаған болып табылады, ақыретте мол сауапқа кенелтеді, мал шаруашылығына көңіл бөлдіреді, кедейлерге жасалған жанашырлық.

Құрбандыққа шалатын малдардың ерекшеліктері. Құрбандыққа жарайтын қой мен ешкі ең кемі бір жасар болу керек. Дегенмен алты айлық қозы бір жасар қой секілді ірі, қоңды болса құрбандыққа жарамды. Сыыр екі жаста болу керек. Құрбандық малдың дені сау, етті және дене мүшелері түгел болу керек.

Малды құрбандыққа жарамсыз ететін кемшіліктер. Малдың соқыр болуы, екі құлағының не бір құлағының басым бөлігінің жоқ болуы, тістерінің бір бөлігі түсіп қалған болуы, мүйізі түбінен сынып қалған болуы, желін ұшының түсіп қалуы, құйрығының жартысы немесе үштен бір бөлігі кесілген болуы.

Құрбан шалудың жөн жобасы. «...Құрбан шалатын адам пышағын жақсылап қайрасын, малды қинамай жұмсақ бауыздасын» - деген хадис бар. Пышақты алдын ала қайрап қойған жөн. Мүмкін болса, өз құрбандығын өзі шалған ұнамды іс. Ал өкілеттік беру арқылы басқа адам бауыздауға болады. Құрбан шалатын жер таза болу керек. Құрбан шалғанда аяттар мен дұғаларды білмесең «Ия Аллаһ тағалам, досың Ибраһим, сүйіктің Мұхаммедтен (с.ғ.с.) қабыл алғандай менен де қабыл ала гөр», «Бисмилләһи ирахман ирахим», «Аллаһу акбар», «Лә иләһә иллаллаһ» деп бауызда.

Құрбандық шалудың уақыты. Құрбанды шалу, яғни малды сою, айт намазынан кейін рұқсат етіледі. Түнде шалуға болмайды.

Құрбанға шалған малдың еті мен терісі. Құрбандыққа шалған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – мұстахап. Бір бөлігі - туған туыс, көршілеріне, екінші бөлігі - кедей мен мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі - өзінің отбасына. Бірақ шалынған малдың етін түгелдей кедей мұқтаждарға таратуға болады. Егер аса дәулетті болмаса және жан ұясында адам саны көп болса, онда құрбандықтың етін түгелдей отбасына қалдыруға болады. Терісін жерге көміп, құны 400 теңге мешіттің садақа жәшігіне салады.

Айт намазы 2016 жылдың 12 қыркүйегі күні аудандық Қайрош ата мешітінде сағат 8.30 да басталады.

Қапез АҚМОЛДИН,
аудандық Қайрош ата мешітінің жауапты хатшысы.

Өз дініне берік бол!

АЛЛАНЫҢ ӨЗІ ДЕ РАС, СӨЗІ ДЕ РАС

Жұма намазына бара жатыр едім. Жол үстінде екі баласын жетелеп кетіп бара жатқан әйелді балаларымен бірге машинама отырғызып ала кеттім. Қарасам, орыс ұлтының әйелі екен. «Қайда жеткізіп тастайын?»,- деп едім «жұма намазына мешітке бара жатырмын», - дегеніне таңырқай қарағанымды сезген ол әңгімесін былай сабақтап әкетіп еді:

– Мына отырған ұлым алты жасқа толғанда қатты ауырып ауруханаға түсті. Баламды зертханалық сараптамадан өткізген дәрігерлер оның диагнозын «обыр (рак)» деп айтқанда маған аспан айналып жерге түскендей болды. Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалдым.

Балама ем-шаралар жасап жүрген дәрігерлер «балаңызды үйде күтсеңіз қайтеді», - деп шарасыздық танытқан соң не дейін «тар құрсаыма сыйған балам, сыртыма да сияр», - деп баламды ауруханадан шығарып үйде күттім.

Баламның қиналғанын көргенде оған көрсетпей жылап - сықтап аламын. Ондай жаман ауруды адам баласына бермесін. Әйтеуір демидрол морфин беріп, баламның ауруын басқан баламын. Қалқыып қалған баламды өлімге қалай қияйың емдетем деп талай тәуіптерге көрсетіп «бармаған жерім, бастаған тауым қалған жоқ», шіркеудің де табалдырығын тоздырған шығармын, бірақ берінен де қайыр болмады.

Осындай ауыр қайғымен баламды арқалап көше бойлап келе жатсам, аспанға әуелете шыққан «Аллаһу Акбар, Аллаһу Акбар» деген әуезді үн тұла бойды шымырлата өзіне тартып бара жатты. Бұл құдіретті үн Науан хазіреті мешітінің мұнарасынан айтылып жатқан азан екен.

Азанның әуезді үні көңілге үміт ұялатып, мешітке кірсем, мүминдер жұма намазын оқуға сапта тұр екен. Балам екеуміз намазға тұрған адамдардың соңғы жағына отыра қалып, имамның күмбірлеген әуезді даусына ұйып, құдіретті Алладан баламның ауруына шипа тілеп, құлшылық етумен болдым. Содан көшке дейін Алланың үйінде баламның деніне саулық тілеп, мешіттен қас қарая үйге қайттым.

Үйге келе баламды төсекке жатқызып, жанына құсап кетіп едім, көзім ілегіп кетіпті. Бір кезде күбірлеген дауыстан оянасам, балам «Мама, су берші» - деп жаттыр екен, содан аузына су тамыздым. Таңертең тұрып баламның көзіне көзім түсіп еді, жанарынан жарқ еткен үміт сәулесін көріп шайлығып қалған жүрегімде сенім пайда болды.

Балам «тамақ ішкім келеді» деген соң құстың етінен дайындаған сорпаны аздап беріп едім рахаттанға ішті. «Сыртқа шығармай бойына сіңімді болса екен», - деп бауыр етім езіле тілеумен болдым.

Тамақтан соң баламның бойы жіпсіп ұйықтап кетті. Жанында отырып құбылаға бетімді қаратып, Алладан баламның амандығын тілеумен болдым. Біраздан соң, ұйқысынан оянаған балам, тағы тамақ сұрағанда қуанғаннан жылап жіберіппін...

Сол күннен бастап балама аз-аздап қазақтың қымыз, айран, ірімшік, қазы, қарта басқа да тағамдарын ұсынғанда, оны рахаттанып жегенін көргенде менің де жаным жадырап көңілім жай тапты. Ең негізгі баламның демидрол морфинге деген тәуелділігі жойылды.

Содан баламның беті қарай бастады, жұма сайын мешітке барып, тілек тілеп, балама Алладан саулық тілеумен жүрдім.

Бірде дәрігерге аларып баламды тексертіп едім, оның бойынан «обыр» белгісін табылмай «баланды қалай емдедің», - деп таңғала сұрағандарына «Алланың шарапатының арқасында жазылды», - деп бар болған жағдайды айтып едім, ол маған сөзді ме, сенбеді ме білмеймін, ал мен бұл шипаны құдіретті Алланың мейірі деп білдім.

Алла тағаланың шарапаты арқасында балам ауруынан айығып, екінші рет дүниеге келгендей болды. Қазір балам 12 жасқа келді. Содан бері үзбей жұма намазына қатысып, Аллаға құлшылық етіп жүрмін. Жұма намазына қатыспасам, балам қайтадан ауырып қалатындай қорқақым. Бүгін қатарыма қызымды қосып алдым.

Қазір екі ойлы болып жүрмін, ислам дініне кірсем бе деймін. Имаммен сөйлесіп едім, оның айтуында пайғамбарымыз Мұхамбет (с.ғ.с.) Алланың жер бетіне жіберілген соңғы елшісі және ислам діні бір ғана ұлтқа емес бүкіл адамзатқа түсірілген дін екенін білдім, мүмкін сол себепті шығар біз сияқты «адасқандарға» Алланың шарапаты тигені.

Өзімнің туған-туысқандарыма Алланың хақ екенін, оның құдіретінің және мейірімнің шексіз екенін айтып отырамын,- деп өңімесін аяқтаған еді христиандық дінінің өкілі.

Намаздан соң, әлгі орыс әйелдің балаларымен жүздерін құбылаға бұрып, Аллаға тағзым етіп отырғанын көріп, шынында бұллар Алланың мейіріміне бөленетін жандар екен деп ойладым...

PS. Бірде жұма намазына барып едім, таныс орыс әйелі баласымен мешіт жанында тұр екен, амандасып едім, ол мені танып «балам, ислам дінін қабылдады», - деді жүзі бал - бұл жайнап. Мен де оның бұл шешіміне риза болдым. Иә, Алла Тағаланың мейірімі де, құдіреті де шексіз.

Ерсін ЕРФАЛИЕВ.

Қоғам және заң

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ
ТАРТЫЛДЫ

Ағымдағы жылдың шілде айында ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментімен дәрілік препараттарды көтерме саудада сататындарға «Гелика Фарм Групп Дистрибуция» ЖШС, «Спектр Фарм» ЖШС, «Фарм Медика Саудасы» ЖШС-не қатысты Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуына тергеу аяқталды.

Тергеуді бастаудың негізі өткен жылдың қыркүйек – қазан айлары аралығында дәрілік препараттардың қалдығына бағаны негізсіз көтеру фактісі болып табылды. Тұтас алғанда субъектілермен 70-ке жақын препараттар қалдығына бағалар көтерілді.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 170-бабының 1- бөліміне сәйкес субъектілердің тауарларды сатып алу немесе өткізу бағаларын белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға қатысты келісілген әрекеттеріне тыйым салынады.

Тергеу қорытындылары бойынша субъектілерге қатысты әкімшілік істер қозғалды және бәсекелестікті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын жою бойынша нұсқама шығарылды.

Солтүстік Қазақстан облысы сотының қаулыларымен субъектілер Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушық кодексінің 2-бөлімі 159-бабында қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі болып танылды және айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Монополиялық табысты тәркілеумен салынған айыппұлдың жалпы сомасы 2 398 732 теңгені құрады.

Субъектілерге қатысты дәрілік препараттардың қалдығына бағаны негізсіз көтеруді келешекте болдырмау бойынша Департаментпен шығарылғын нұсқамалар орындалды.

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

Бағалы металдар және асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды өткізу мәселелері бойынша түсіндіру жұмысы

Ағымдағы жылғы 5 шілдеден бастап «Асыл тастарды, зергерлік және басқа да бұйымдарды Еуразиялық экономикалық одақа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету, Кимберлий процесінің сертификаттау схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы аумағының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы күшіне енді.

Сондықтан, осы жылдың шілде-тамыз айларында «ҚР ИДМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ (бұдан әрі – департамент) бағалы металдар және асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды сату мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Осындай жиналыс департаментте өткізілген болатын аталмыш шараға «Казяхювелир АҚФ» СҰ, «Топаз» және «Изумруд» дүкен иелері, «Унольд Г.А.» ЖҚ, «Рашевская Г.Г.» ЖҚ өкілдері қатысты.

Департамент мамандары жиналысқа қатысушыларға жоғарыда аталған қағидалар мен нормативті-құқықтық актілердің талаптарын түсіндірді, сонымен қатар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 190-1 және 297-1 баптары ағымдағы жылдың 17 шілдесінен бастап күшіне енетіндігін айтып өтті.

Қағидалар «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» 2016 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3) және 4) тармақшаларына сәйкес әзірленген

Мысалы, асыл тастарды, зергерлік және басқа да бұйымдарды кедендік декларациялау және кедендік тазартумен байланысты кедендік операцияларды жүргізгенге дейін уәкілетті ұйым сараптама және Еуразиялық экономикалық комиссия шешімдеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік іс саласындағы уәкілетті орган анықтайтын кеден бекеттері арқылы уәкілетті орган мемлекеттік бақылау жүргізеді.

Бұл ретте, өңделмеген табиғи алмасты тек Кимберлий үдерісіне қатысушы елдерден әкелуге және әкелуге рұқсат етіледі. Өңделмеген табиғи алмаздарды әкету кезінде уәкілетті орган мемлекеттік бақылау актісімен бір уақытта уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша Кимберлий процесінің сертификатын ресімдейді және береді.

Қазақстан Республикасы 2012 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Кимберлий процесінің халықаралық сертификаттау схемасының толық құқылы мүшесі болып табылады, оған сәйкес даулы аймақтардан өңделмеген табиғи алмаздарды, айналымына жол бермеу бойынша мүше-мемлекеттердің міндеттері бар екенін атап өту қажет.

Жалпы Қағидалар жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғалар үшін асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды, Кимберлий процесінің сертификаттау схемасын ескере отырып, сондай-ақ өңделмеген табиғи алмазды әкелу және әкету бойынша жалпы тәртібін анықтайды. Осылайша, екінші жарты жылдықтан бастап Қазақстан Республикасының аумағында ҚР «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Заңының 13-бабына сәйкес зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру субъектісі барлық меншікті зергерлік және басқа да бұйымдарға қоятын сынама-лау таңбасынсыз, сондай-ақ атаулы таңба бедерінсіз зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізуге жол берілмейді.

Бұйымда сынамалау таңбасының және атаулы таңба бедерінің болмауы заңнан тыс дайындалған бұйымды сатып алу белпісі болып табылады.

Қабылданған қағидалар контрафактілік өнімді және алдын ала сараптамадан өтпеген контрафактілік өнімдерді сатып, тұтынушыларды алдау жағдайларының болмауына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тоқсан сайын іріктелген тексерулер тізімін жасау кезінде келесі ақпарат көздерін қолдана отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша бағалау және тағдау жүргізілетіндігін атап өтті:

- заңнама талаптары сақталмаған жағдайда бұзушылық дәрежесінің ауырлығын ескере отырып, бақылау субъектілерінің алдыңғы тексерулер нәтижелері (ерескел, едәуір, болмашы);

- тәуелсіз ұйымдар сараптамаларының нәтижелері;

- жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен өтініштер және расталған шағымдар, жоспардан тыс тексерулер нәтижелері;

- бұқаралық ақпарат құралдарындағы ресми хабарларды тағдау нәтижелері.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 190-1-бабының белгіленген талаптарының сақталмауы, яғни өндірушінің қоятын сынамалау таңбасынсыз, сондай-ақ атаулы таңба бедерінсіз бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу түрінде жасалған бұзушылық жеке тұлғаларға – 50 АЕК, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 80 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 100 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 150 АЕЛК есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Сондай-ақ, асыл тастарды, зергерлік және басқа да бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын бұзушылық үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 297-1-бабымен 30 айлық есептік көрсеткіштен бастап 1000 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салу жауапкершілігі қарастырылған.

Жоғарыда аталған қағидалар мен нормативті-құқықтық актілердің талаптарын түсіндіру мақсатында облыстық және аудандық газеттерде мақалалар жарияланды.

Қарастырылған шаралар зергерлік бұйымдар нарығын тәртіпке келтіреді және адал кәсіпкерлерді қолдауға мүмкіндік туғызады.

Алина БЕЛОГОНОВА,

ҚР ИДМ ТРМК СҚО бойынша департаментінің бас маманы, СҚО мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

БЖЗҚ ТУРАЛЫ 5 СҰРАҚ



1. БЖЗҚ-дағы салымшылардың жалпы саны және зейнетақы жинақтарының сомасы бүгінде қандай?

2016 жылғы 1 тамызда шарттардың барлық түрі бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны 10,15 млн. бірліктен асты, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен жасалғаны шамамен 9,7 млн. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны – 405 713 бірлік, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша 39 мыңнан астам бірлік. Зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 6,35 трлн. теңгеден асты.

2. Аннуитет шарттар дегеніміз не?

- Қолданыстағы заңнама аясында «БЖЗҚ» АҚ-дан (БЖЗҚ) зейнетақы төлемдерін «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңында (Заң) көзделген белгілі бір жағдайлар орын алған кезде алуға болады. Ең алдымен, зейнетақы төлемдерін алу құқығы БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және зейнет жасына толған тұлғаларға беріледі.

Сонымен қатар мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленетін болса, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер зейнетақы төлемдерін алуға құқылы.

Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасау арқылы белгіленген зейнет жасынан бұрын зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар тұлғаларды бөлек атап көрсетуге болады. Зейнетақы аннуитеті шарты – сақтандыру шарты, оған сәйкес сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының сомасын беруге міндеттенеді, ал сақтандыру ұйымы сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) пайдасына өмір бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңінде сақтандыру төлемдерін жасауға міндеттенеді.

Заңның 31-бабының ережелеріне сай ең аз зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді қамтамасыз етуге зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде міндетті зейнетақы төлемдері есебінен зейнетақы төлемдерін алуға:

55 жасқа толған ерлер;

50 жасқа толған әйелдердер (2016 жылғы 1 наурыздан бастап),

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50,5 жасқа толған әйелдердер;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51 жасқа толған әйелдердер;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51,5 жасқа толған әйелдердер;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52 жасқа толған әйелдердер;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52,5 жасқа толған әйелдердер;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53 жасқа толған әйелдердер;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53,5 жасқа толған әйелдердер;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54 жасқа толған әйелдердер;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54,5 жасқа толған әйелдердер;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 55 жасқа толған әйелдердер құқылы.

Зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының талаптарымен анықталады, зейнетақы жинақтарын

Сақтансаң, сақтайды

ЖҮРГІНШІ, ПОЙЫЗДАН САҚТАН!

Қазақстанның темір жол саласы елдегі ең қуатты, дамыған салалардың бірі. Сондықтан да мұнда жүз мыңнан астам адам еңбек етеді, еліміздегі көптеген елді мекендердің таадыры болат жолмен тікелей байланысты. Жажандану дәуірінде қазақ мемлекетінің дамуына қарқынды үлес қосып отырған экономиканың күре тамыры да осы темір жол саласы. Тоғыз жолдың торабында отырған біз үшін бұл саланың маңызы өте зор.

Темір жол - өте қауіпті аймақ. Осы бір айналасы жұп-жұмыр келген бір-ақ ауыз сөздің мән-мағынасын көпшілік жұрт жете түсіне бермейтінге ұқсайды. Түссін де құнт қылмайды. Әйтпесе, пойыздар қозғалысына сырттан қауіп төндіру факторлары азаюдың орнына көбеймек еді ғой.

Болат жолға шығу өмірге ғана қатер емес, сонымен қатар пойыздар қозғалысына бөгет жасап, айтарлықтай қауіп төндіреді.

Сонымен бірге темір жол адамдар үшін де, қараусыз жүрген малдар үшін де аса қауіпті аймақ болып саналады. Содан да болар болат жолдың бойындағы түйіткілді мәселелердің ең бастысы жылжымалы құрамның қараусыз жүрген малды, жол үстіндегі адамды басып кету фактілері екіншіке орай толастамай отыр. Осындай көлеңсіз фактілерді болдырмау үшін темір жол саласында қызмет істейтін адамдар арасында насихат жұмыстары мен бірге оқу-жаттығу шаралары да жиі өткізіліп тұрады. Темір жол көлік қызметкерлері жұмысқа кіріспес бұрын техника қауіпсіздігі бойынша арнайы нұсқаулықтан өтеді. Мұның сыртында темір жол саласында жұмыс істемейтін былайғы халық үшін оларды апаттан сақтандыру мақсатында да әртүрлі шаралар ұйымдастырылып, бұқаралық ақпарат құралдарында танымдық материалдар жарияланып жатады. Соған қарамастан темір жол көлік саласында адам шығынына алып келетін көлеңсіз оқиғалар жиі кездесуде. Бақытсыздық жағдайы кез келген адамның басында болуы мүмкін. Сондықтан келе жатқан пойыздың алдын кесіп өтуге тырыспай, оны өткізіп жібергеніңіз дұрыс. Салмағы 2000, 3000 тонна болатын пойыз тізбегінің тежелу жолының ұзақтығы пойыздың салмағы мен жылдамдығына қарай 600-700 метрді құрайтынын былайғы жұрт біле бермеуі мүмкін.

аудару туралы шешім қабылдай отырып, шартпен өте мұқият танысу қажет.

3. Шартты-жинақтаушы құрамдауыш дегеніміз не? Оның зейнетақыға әсері қандай?

- 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыстағы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өзгерістер, яғни шартты-жинақтаушы құрамдауыш немесе зейнетақы берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) енгізіледі.

Ол үшін БЖЗҚ-да әрбір қызметкерге шартты зейнетақы шоттары ашылатын болады, қызметкердің атына жұмыс беруші өз қаражаты есебінен қызметкердің айлық табысынан 5% мөлшерінде ЖМЗЖ аударатын болады. Жаңа ЖМЗЖ артықшылығы – жұмыс беруші жарна салып отырған зейнеткер бұл құрамдауыштан зейнетақыны өмір бойына, тіптен шартты зейнетақы шотындағы қаражат таусылып қалса да алады (жинап келгенде кемінде 60 күнтізбелік ай ЖМЗЖ аударылған жағдайда).

4. Салымшы қайтыс болған жағдайда, зейнетақы жинақтары кімге, қалай және қандай көлемде мұраға қалдырылады?

- Міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтарын заңнамада белгіленген тәртіппен өсиетхат бойынша да, заң бойынша да мұраға алуға болады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ережелеріне сай мұрагерлер заң бойынша кезектілік тәртібімен мұрагерлікке шақырылады. Заң бойынша мұрагер болу құқығын бірінші кезекте мұра қалдырушының балалары, сондай-ақ оның жұбайы (зайыбы) мен ата-анасы тең үлеспен алады. Бірінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын екінші кезекте мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), сондай-ақ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі тең үлеспен алады. Егер бірінші және екінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын үшінші кезекте мұра қалдырушының әкесімен бірге туған ағалары мен апалары, нағашы ағалары мен нағашы апалары тең үлеспен алады. Егер бірінші, екінші және үшінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын мұра қалдырушының алдыңғы кезектегі мұрагерлеріне жатпайтын үшінші, төртінші және бесінші туыстық дәрежесіндегі туыстары алады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен мұрагерлік құқық ресімделген және зейнетақы жинақтарын төлеуге қажет құжаттар БЖЗҚ-ға берілген соң зейнетақы жинақтарын мұрагерлерге зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініште көрсетілген банк шотына аударылады.

5. Қазақстан аумағындағы шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініш беріп, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасай ала ма?

- Заңның 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандырылу құқығын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар жеке басты куәландыратын құжаты (шетелдіктер үшін тұруға ықтиярхат, азаматтығы жоқ тұлғалар үшін азаматтығы жоқ тұлғаның кәуілігі) болған кезде Қордың көз келген бөлімшесіне міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішпен бара алады. Сол жерде ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасауға болады.



Темір жол аймағында, стансаларда болған жағдайда кім де болса жеке техникалық қауіпсіздік шараларын сақтауы шарт. Біз оларды қалың көпшіліктің есіне тағы бір мәрте сала кетуді жөн көрдік.

Жыл сайын аудан мектептерінде «Темір жол – аса қауіпті аймақ» деген тақырып бойынша кездесулер өткізіп, балаларға осы тақырып бойынша жадынамалар таратылады.

Егер сіз темір жол стансасында болсаңыз:

1. Стансаға барарда немесе қайтарда темір жолды кесіп өтуге тура келсе арнайы өтпелерді пайдаланыңыз.

2. Пойыз толық тоқтағанша вагоннан шығуға немесе вагонға кіруге болмайды.

3. Темір жолдарын кесіп өтерде ұялы телефонмен сөйлесуге тыйым салынады.

4. Жүріп келе жатқан пойыздың алдын кесіп өтуге болмайды. Темір жолдан бес метр қашықтықта тұрып пойызды өткізіп жіберіңіз.

5. Станса жолында тұрған пойызды немесе локомотивті 5-10 метр қашықтықта айналып өту қажет.

6. Темір жолды кесіп өтер алдында оң мен солыңызға қарап, пойыздың жоқтығына көз жеткізіңіз, релсті баспай одан аттап өтіңіз.

7. Темір жол бойында тұрған вагондардың астынан өтуге болмайды, 5 минут уақыт үнемдеймін деп өміріңізге қауіп төндірісіз.

**Алмас КЕНЖЕКЕЕВ,
Володар темір жол станциясының бастығы.**

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2016 жылғы 6 қыркүйектегі №1 қаулысы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Володар ауылдық округі әкімінің сайлауын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығы негізінде Айыртау аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Володар ауылдық округі әкімінің сайлауы 2016 жылдың 10 қазанында өткізілсін.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Володар ауылдық округі әкіміне кандидаттарды ұсыну 2016 жылғы 10 қыркүйекте басталып 2016 жылғы 15 қыркүйекте аяқталады.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Володар ауылдық округі әкіміне кандидаттарды тіркеу барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және дауыс беруге 15 күн қалғанда аяқталады – 2016 жылғы 25 қыркүйекте.

2. Айыртау аудандық сайлау комиссиясы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығына сәйкес сайлау іс-шараларының өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Володар ауылдық округі әкімі сайлауының өткізілуі туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландырылсын.

4. Осы қаулы «Айыртау таңы», «Айырtauskie зори» газеттерінде жариялансын.

5. Аудандық сайлау комиссиясының құрамы тұрғылықты жері көрсетілуімен «Айыртау таңы», «Айырtauskie зори» газеттерінде жариялансын.

Ермек МЕРҒАСЫМОВ,
аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

Айыртау аудандық сайлау комиссиясының 2016 жылғы 26 мамырдағы № 1 қаулысымен бекітілді.

2016 жылдың 20 маусымына белгіленген, мерзімінен бұрын өкілеттілігін тоқтатқанның орнына Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Володар ауылдық округі әкімінің сайлауын дайындау және өткізу бойынша негізгі іс-шаралардың КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сәйкес әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының мәліметіне сайлау күні туралы хабарландыруды жеткізу.
- Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
2016 жылғы 09 қыркүйекке дейін (11-т.)
2. Бұқаралық ақпарат құралдарында сәйкес аумақтық сайлау комиссиясының құрамын жариялау.
- Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Сайлау белгіленген күннен соң 10 күннен кешіктірмей. (1 т.), 7) 9-т.)
